КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 14 маусым №7119-24-00-2/6685 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ШЖҚ РМК)

ЖАУАПКЕРЛЕР:

«BALAUSSA» жеке кәсіпкері (бұдан әрі- ЖК)

«Samgau Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі- ЖШС)

«Аманбекова» ЖК

Фирма «ИЭК плюс» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Қаныш Сәтпаев атындағы канал» филиалы жауапкерлер «BALAUSSA» ЖК, «Samgau Group KZ» ЖШС, «Аманбекова» ЖК және Фирма «ИЭК плюс» ЖШС қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Samgau Group KZ» ЖШС БСН 240140007752 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Samgau Group KZ» ЖШС БСН 240140007752 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«BALAUSSA» ЖК ЖСН 920102451037 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«BALAUSSA» ЖК ЖСН 920102451037 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Аманбекова» ЖК ЖСН 930719451350 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Аманбекова» ЖК ЖСН 930719451350 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Фирма «ИЭК плюс» ЖК ЖСН 821003350660 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Фирма «ИЭК плюс» ЖК ЖСН 821003350660 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 14.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.07.2024, судья Нұрланов Б. К., 02.08.2024

7119-24-3-1/6125